

Көсембай негізгі мектебінің 2021-2022 оқу жылында 4-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2021-2022 оқу жылы 4-сыныпта 7 оқушы болды. Оның 2-еуі қыз, 5-еуі ұл. Көп балалы отбасы: Алпысбаев Аңсар, Мыңтұрған Бектас, Мыңтұрған Нұртас, Сейткереев Мейірбол, Зейнолла Мархабат, Майданова Гүлсая .

Оқу жылының қорытындысы бойынша сыныпта 1 оқу озаты, 3 оқу екпіндісі болды.

Оқу озаты: Боранбай Әбілмансұр. Оқу екпінділері: Майданова Гүлсая,

Мыңтұрған Бектас, Мыңтұрған Нұртас. Сыныптың жылдық білім сапасы: 57%

Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші:

Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша жасалып, жоспарға сай барлық іс-шаралар өткізілді. Сынып белсенділері өздеріне тапсырылған қызметтерін тиянақты орындады. Оқушылар мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Аудандық және мектепшілік байқауларға қатысып, жеңімпаз атанған оқушылар да болды.

Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті.

Сынып сағаттарына тәрбие бағыттары қамтылды.

Бағыттар	Өтілген сынып сағаттары саны:
Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	4
Рухани – адамгершілік тәрбие	5
Ұлттық тәрбие	5
Отбасы тәрбиесі	3
Еңбек, эконмикалық және экологиялық тәрбие	3
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	3
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	6
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	4

Тәрбие сағаттары жоспар бойынша ұйымдастырылып. Әр түрлі жаңа форматта өткізілді. Мереке күндеріне мереке шаралары өткізіліп, оқушылар іс-шараларға

белсене қатысты. «Тазалық –денсаулық белгісі», «Табиғат аясы-адамның алтын белгісі» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар мереке күндері сыныптан тыс жұмыстар, тәрбие сағаттары өткізілді. 8-наурыз мерекесіне арнап «Аяулы анашым» атты тәрбие сағаты өткізіліп, онда оқушылар аналарына арнап өлең жолдарын айтып, әндер шырқап, аналарына дайындаған сыйлықтарын ұсынды.



«Қош келдің, әз Наурыз!» тақырыбында мекрекелік іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Асық ату, қол күрес ұлттық ойындары ұйымдастырылды.



9-мамыр Ұлы жеңіс күніне орай тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Ұлы Отан соғысы, оның зардаптары, Ұлы Жеңіс туралы мағұлмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, соғыстан оралған, қазіргі кезде арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.



Мектепте жүргізілген «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылар белсенділік танытты.



Сонымен қатар, жыл бойына ата-аналармен 5 ата-аналар жиналысы өтілді. Жиналысты түрлі мәселелер талқыланып, ортаға салынып, оң шешімен тапты. Ата-аналардың ашық есік күндеріне, сыныптан тыс шараларға, ата-аналар жиналыстарына қатысымы өте жақсы болды.

Қорытындылай келе, осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен Барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті.